

К. Рахманова, 3-курс

А. К. Рахимберлина, аға оқытушысы, құқық магистрі

(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналады, тіпті ядролық соғыс қауіпі де оның көлеңкесінде қалып қойды. Адамның шаруашылық іс-әрекетінің қауырт дамуы, айналадағы ортаға үдемелі, көбіне бүлдірушілік сипатта әсер етуде. Адамның табиғатқа әсері мындаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай — ақ, топырақты, су көздерін ауаны ластау арқылы жүзеге асуда. Бұл табиғат ахуалының күрт төмендеуіне әкеліп соқты, көп жағдайларда орны толмас зардаптар қалдырды. Экологиялық дағдарыс шын мәніндегі қауіпті төндіріп отыр; іс жүзінде тез өндіріс алып бара жатқан дағдарыстық жағдайларды кез келген аймақтардан көруге болады.

Адам әрекеті жер бетіндегі суды ғана емес ауаны да лаптап келеді. Күн сайын өнеркәсіп орындары ауаға орасан зор улы газ және оларға қоса өте майда бөлшектерден тұратын қоспаларды шығарып жатады. Олар ауамен бірге адам мен жер бетіне, кейде оларды жел алғашқы шыққан орнына мыңдаған километр жерге айдап апарады. Міне, сондықтан да газ немесе қатты зат түрінде бөлініп шығатын заттардың ауаны қорғау адам денсаулығы үшін де, тіршілік үшін де үлкен мән алады. Осы уақытта ауаға улы қосындыларды жібермеу адамзат баласының алдында тұрған үлкен мәселе. Ауаның ір түрлі жолмен былғануы атмосферада бірте — бірте түпкілікті мутагенді өзгерістер тудыратыны анықталып отыр. Мысалы, қалалардың үстін, 2000-2500 м биіктік көлемінде газдар мен ұсақ бөлшектерден тұратын қарақошқыл түтін басып тұрады. Осындай құбылыстардың қала ішіне күн сәуесінің ультра күлгін сәулесі жетпейді. Сондықтан қала ішінде неше түрлі жұқпалы ауру тарайтын микробтар көбейіп кетеді. Олар неше түрлі көз, тері, өкпе дерттерін адамдарға дарытады. Адамдар көп мөлшерде ауруға шалдығады¹.

Осылай, еліміздің ішкі экологиялық қауіпсіздікті сақтау үшін, жүйелі түрде әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды іске асыру керек. Экологиялық талаптарды күшейтіп, адам денсаулығын сақтау шараларын қолға алу қажет. Қоршаған ортаға шығарылатын ластағыштардың мөлшерін азайту үшін, модельді бағдарламалар қабылдануы тиіс. Зиянды қалдықтарды екінші қайталап қолдану жолдарын, оларды өңдеуді іске асыру қажет. Өндіріске салааралық талдау моделін игерген білікті мамандарды жұмылдыру. Осындай шаралар он нәтиже берген болар еді. Қарапайым халықтың мақсаты да осы. Барлық адамзат үшін табиғаттың тазалығы оның борышы болып табылады.

Адам экологиясы мемлекет көлемінде талқыланатын үлкен мәселе деп ойлаймыз.

Бас прокуратура қылмыстық қудалау органдарының 2010 жылы және 2011 жылдың 9 айындағы табиғат қорғау заңнамасын бұзу туралы қылмыстық істерді тергеуге дейінгі тексеру және тергеу жүргізу заңдылығының жай-күйін қорытындылады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2010 жылы — 343, ал, 2011 жылдың 9 айында 189 экологиялық қылмыс тіркелген².

Талдау еліміздегі қоршаған ортаға антропогендік әсердің өршігенін көрсетті, ал, браконьерліктің салдарынан көптеген аңшылық нысанына жататын жануарлар мен балықтың бағалы түрлері азаюда. Жалпы, құқық қорғау органдары экологиялық қылмыстардың алдын алу, кінәлі адамдардың қылмыстық жауапкершілікке тартылуы және материалдық залалдың дер кезінде өндірілуі бойынша шаралар қабылдауда. Тексеру кезінде 355 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған, олардың 64-і — ТМД азаматтары. Дегенмен, кейбір жекелеген қылмыстық істерге қатысты тергеу сапасы жақсартуды қажет ететінін де айта кету керек.

Мәселен, жануарлардың ұшасымен немесе олардың өнімдерімен ұсталған кейбір браконьерлер қылмыстық жауапкершіліктен құтылу мақсатында оны «белгісіз адамдардан сатып алдық» немесе «даладан тауып алдық» деп көрсетеді. Алайда, ішкі істер органдары аталған айғақтарды тексермейді және оған тиісінше баға бермейді.

Бірқатар ашылмаған қылмыстар жөнінде тоқтатылған қылмыстық істерді зерделеу қорытындысы бойынша прокурорлар тергеуді қайта жаңғырту және нақты тергеу амалдарын жүргізу туралы нұсқаулар берді. Қорытындылау нәтижесі бойынша Бас прокуратура Ішкі істер министрлігіне аумақтық ішкі істер органдары қызметін экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивтік және биологиялық заттарды пайдаланумен, сулар мен теңіздің ластануы, жұтаңдануы, сондай-ақ, жерді бүлдіру және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзуға байланысты қылмыстарды анықтау және жолын кесуге бағыттау мәселесін көтере отырып, ұсыныс енгізді.

Ақбөкендер санының азаюына, сондай-ақ, көптеген мүйіздері кесілген ұшаларды табу фактілерінің анықталуына байланысты Бас прокуратура ақбөкен мүйізін сатып алу туралы хабарландырулар бойынша тергеуге дейінгі тексерулерді жүргізуге бастама жасады. Ішкі істер органдарының тексерулері барысында ақбөкен мүйіздерінің қайдан және қалай алынғаны анықталады және қылмыстық жазалау белгілері болған жағдайда кінәлі адамдар жауапқа тартылатын болады.

Тәжірибелік қызметке жасалған талдау сараптама қызметіндегі кейбір кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Кей өңірлерде сарапшылардың болмауы салдарынан жекелеген

экологиялық сараптамалар жүргізілмейді. Сол себепті, дәлелдемелерді дер кезінде анықтау және жинау қиындық тудырады.

Осылай, қазіргі таңда сараптама қызметін жетілдіру қажет. Адамзат дамуының жаңа формуласы: жақсы экология — бұл жақсы экономика, ал жақсы экономика — бұл жақсы экологияны қамтамасыз ету мүмкіндігі болып шығады. Бірақ, бәрібір қоғамды тұрақты дамытудың лайықтысы адам болып қала береді. Сонымен тұрақты дамудың бірыңғай құрамдас үш моделі: экологиялық дамудың баланс жасалған жетістіктері.

¹ *Бекмаганбетов Р.* Экономико-экологические факторы и механизмы их развития в условиях рынка // Экология. Устойчивое развитие. — 2004. — № 12.

² www.eco.gov.kz